

ӘОЖ 82.091:003.335

**«АЛТУН ЙАРУҚ» ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ**

**Шаманова Назерке Махсотқызы**

[nazko\\_12.95@mail.ru](mailto:nazko_12.95@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті Түркітану кафедрасы

«6МО21200 » Түркітану мамандығы

2-ші курс магистранты

Ғылыми жетекшісі – А. Абуова

XVIII ғасырдың соңғы кездеріне дейін ұйғырлар туралы материалдар жоқтың қасы еді. Ұйғырлар мен олардың тарихы, мәдениеті туралы деректер тек шығыс, араб-парсы және Батыс Европа саяхатшыларының жол жазбалары арқылы таныс болатын.

XIX ғасырдың бас кезінен бастап, ұйғырлар туралы мәселе дүние жүзі ғалымдарының назарын өзіне аудара бастады. 1812 жылы Ю.Клапроттың «Ұйғыр тілі және жазуы», 1841 жылы Мырза Али Қазамбектің «Ұйғырлар туралы» зерттеулері жарық көрді. Ұйғырлар туралы мәселеге шетел ғалымдары да ерекше ден қоя бастады.

Шетел ғалымдарымен қатар ұйғырларды арнайы зерттеуге елеулі үлес қосқан – орыс ғалымдары. Бұған дәлел ретінде А.Н.Бернштамның мына сөзіне еске түсіре кетсек артық болмайды. «XIX ғасырдың соңғы кезінде ұйғыртану мәселесінің ерекше кең өріс алуына айрықша жағдайлар жасалды. Орыс зерттеушілері Петровский және Клеменц – Шығыс Түркістан ұйғырлардың ежелгі отаны екендігін ашып берді. Бұдан соң Шығыс Түркістанға

ағылшын, француз, неміс, жапон, фин және итальян экспедициялары бірінен соң бірі барып - қайтты». [1, 7 – 8 б.].

Дәл сол кездегі Турфан ойпатынан табылып жатқан ұйғырлар жөніндегі аса құнды деректер көрнекті түрколог В. В. Радловтың назарынан да тыс қалмады. В. В. Радловтың басшылығымен 1888 жылы Ғылым академиясының жанынан Турфандағы ұйғыр халқының тарихи ескерткіштерін жинап зерттеу жөнінде арнаулы комиссия құрылды. Ол комиссияның құрамына В. В. Радлов, К. Г. Зелеман, В. П. Васильев, С.Ф. Ольденбург, А. А. Куник, В. Р. Розен және Д. А. Клеменцер енді. Комиссия құрамында зерттеушілер аз болғанына карамастан бірқатар жұмыстар жүргізілді. Соның ішінде С. Ф. Ольденбургтың 1909-1910 және 1911 – 1915 жылдарда Шығыс Түркістанға, С. Е. Маловтың ұйғырлар мен саларларға, К. Г. Зелеманның Орталық Азияға, В. И. Анучиннің Алтайға, Е. Д. Поливанов пен Н. И. Конрадтың Жапонияға ұйымдастырған экспедициялары, сондай-ақ А. Н. Самойловичтің, Б. Я. Владимирцовтың, В. В. Бартольдтың Турфан ойпатына барып қайтқан сәтті сапарларын атап өтуге болады [2, 6 б.].

Шығыс Түркістанға жасалған орыс және шетел экспедицияларының нәтижесінде ұйғыртану ғылымы үшін өте құнды жазба ескерткіштері табылды. Осылардың ішінде ерекше көңіл бөлерлік ескерткіштер – соғды жазуы негізінде пайда болған ұйғыр жазуымен жазылған ескерткіштер. Олардың қатарына буддизм, манихей, христиан діндеріне қатысты мәтіндер мен ұйғыр халқының күнделікті тұрмысына байланысты әкімшілік, шаруашылық, құқықтық т.б. сан алуан мәтіндер жатады. Әйгілі ғалым Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» атты дидактикалық еңбегінің бір нұсқасы осы көне ұйғыр графикасымен жазылған. Көне ұйғыр жазуымен жазылған түркі тілдеріне ортақ басқа да көптеген мұралар бар. [3, 152-153 б.].

Көне ұйғыр жазуымен жазылған көне ескерткіштерге әр түрлі шолу, аударма, транскрипциялар жасауда В. В. Радлов, С.Е. Малов, А. Леккок, Ф. В. Мюллер, В. Банг, П. Пеллю сияқты бірқатар ғалымдар айрықша еңбек сіңірді. Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің фонетика, лексика және грамматика сияқты ерекшеліктерін зерттеуде А. Фон Габен, Э. Р. Тенишев және А.М.Щербак сияқты ғалымдар зор үлес қосты.

Көне ұйғыр тіліне қатысты жазба ескерткіштер саны алуан, мазмұны мен көлемі жағынан әр түрлі. Солардың негізгілері мыналар:

1. Құтадғу білік – әлемдік әдебиеттің айтулы ескерткіші. Ол – Орта Азия мен Қазақстандағы, сондай-ақ еліміздегі басқа түркі тектес халықтарға ортақ, жалпыхалықтық мұра. Бұл дастанмен А. Егеубаев, Қ. Қаримов, А. А. Валитова, С.Иванов арнайы шұғылданған.
2. Хуастуанифт (кешірім сұрау, дұға оқу). Түркі халықтары арасында манихей дінін тарату үшін жасалған аударма. Оның бізге білгілі үш қолжазба нұсқасы бар. Алғашқы нұсқасы ұйғыр жазуымен жазылған болса, соңғы екі нұсқа манихей жазы негізінде жазылған. Ең алғаш В.В.Радлов, С.Е.Малов, Л.Ю.Тугешова зерттеген болатын.
3. Мираж-наме. Қараханид дәуіріндегі түркі тілдерінің ерекшеліктерін айқын көрсететін ескерткіштің бірі. Бұл ескерткіш 1436 жылы жазылған. Ол Мұхаидтің «Көк жүзін шарлаған саяхат туралы» әңгімесін әңгімелейтін Наһжұл Ферадистің аудармасы. Ескерткіштің көшірмесі 1823 жылы Парижде жариялайды.
4. Бахтияр-нама. Ескерткіштің екі көшірмесінің бірі ұйғыр жазуымен 1435 жылы жазылған. Бұл нұсқа Оксфорд университетінің кітапханасында сақтаулы. Көп уақыттан кейін көшіріліп жазылған екінші көшірмесі әлі толық зерттеліп, жұртшылыққа белгілі болмаған. Бұл ескерткіште Мираж-наме сияқты діни әңгімелерден құралған.
5. Хитабул хақайық («Ақиқат сыйлығы»). Авторы – Адиб Ахмет Иүгнеки. Жазылған уақыты жөнінде түркологтар арасында бірнеше пікірлер бар. Туынды шамамен X-XII ғасырларды қамтиды. Ескерткіштің екі нұсқасы бар. Бірі 1480 жылы көшіріліп Ыстамбұлда сақталған. Екіншісі – 1444 жылы көшірілген Самақанд варианты. Ескерткіштің екі нұсқасы да ұйғыр тілімен жазылған. Түрік ғалымдары Р. Р. Арат, Наджип Асим, т.б. шығыстық зерттеушілер арнайы шұғылданып, ескерткіштің тілдік ерекшеліктері жөнінде елеулі еңбектер жариялады [2, 9-11 б.].

6. Буддизм негізінде жазылған ескерткіштің бір – Алтун Йарук сутрасы. Көне ұйғыр жазба ескерткіші «Алтун Йарук» - көне түркілер ұстанған буддизм діні мен көне ұйғыр тілінің ерекшеліктерін түсіну тұрғысынан үлкен маңызға ие аса құнды ескерткіш. XX ғ. басында Қытай Халық Республикасының Ганьсу аймағында табылған сутра 700-ден астам парақтан тұрады. Көне ұйғыр тілінде «*Алтун өңлүг й(а)руқ йалтрықлығ қопта көтрүлмиш ном елиги атл(ы)ғ ном битиг*» (Алтын түсті, жарық сәулелі ең жоғарғы ілім атты ілім кітабы) деп аталған. Ал, ғылыми ортада қысқаша «Алтун йарук (Алтын жарық/сәуле)» атауымен танымал. Жазба ескерткіш негізі санскрит тілінде жазылып, VIII ғасырда қытай тіліне аударылған. Ал, қытай тілінен көне ұйғыр тіліне Сыңқы Селі Тудуң X немесе XI ғасырдың басында тәржімалаған. Алтун Йарук жазба ескерткіші 10 кітаптан 31 бөлімнен тұрады. Сутрада буддизм дінінің негіздері, философиясы, будданың уағыздары мен аңыздары баяндалады. Қытайша аудармасынан айырмашылығы ұйғыршасына кіріспе және «Буйан өвирмек» (сауап алу) бөлімдері қосылған [4.].

Алтун Йарук жазба ескерткішінің бізге екі нұсқасы жеткен: 1) Берлин нұсқасы және 2) Санкт – Петербург нұсқасы. Санкт-Петербург нұсқасының бір бөлігін ресейдің танымал түркітанушы ғалымы С.Е.Малов 1909-1911жж. аралығында Ресей комитетінің тапсырмасына сәйкес орталық және шығыс Азияны зерттеу барысында 1910 ж. Қытайдың Ганьсу провинциясында, Сучжоу қаласы маңайындағы Вуншигу елді мекеніне жақын орналасқан бір буддизм ғибадатханасынан тауып алады. Алғашқы іс сапарында жазба ескерткіштің 235 бетін, кейін 1910 ж. 27 қазанда 132 бетін, және үшінші зерттеуінде 1910 ж. 12 желтоқсанда 30 бетін жинақтап алып келеді. Өте жақсы сақталған қолжазба мықты, сары түсті қағазға жазылған. Парақтың әр бетінде 22-25 жол бар және де кейбір сөздер (тарау атаулары, жалқы есімдер, т.б. сөздер) қызылмен берілген. С. Е. Малов 1951 жылы өзінің «Памятники древнетюркской письменности» атты еңбегінде «Алтун Йарук» ескерткіштерінен үзінділер келтіріп, тарихы, мәні, кейбір грамматикалық формалары жөнінде мағлұматтар берді. Санкт-Петербургтағы қолжазбаларды С.Е.Малов пен ұстазы, әйгілі ғалым В.В.Радлов зерттеп, 1913-1917 жж. аралығында 4 том етіп жариялады [5.].

Ал, Берлиндегі үзінділер неміс ғалымдарының XX ғасырдың басында Шығыс Түркістанға жасаған экспедициялық сапарлары кезіңінде табылды. Жазба ескерткіштің үзінділері сол кездегі соғысқа байланысты Германияның Майнц қаласында сақталып, кейін Берлин Мемлекеттік кітапханасына тапсырылған. Алтун Йарук жазба ескерткішінің Берлин нұсқасы жайында алғашы мәлімет берген неміс ғалымы – Мюллер Фридрих Вильгельм Карл болды. Ол Берлиндегі Тұрфан жазбалары арасынан Алтун Йарукқа тиесілі кейбір үзінділерді қытайша түпнұсқамен жариялады. Мюллер қытайша түпнұсқаның көмегімен ескерткіштің ұйғырша атауын «*al[tun] önglüg yruq yaltriqlig qopda kötrülmiş nom iligi atlg nom bitig*» және санскритше түпнұсқасын «*Suvarna – prabhāsa – uttama – sūtra – indra – rāja*» деп көрсетті. Мюллер өзі зерттеген мәтіндерді «Uyurica» (Ұйғырша) деген атаумен 3 еңбек етіп жарыққа шығарды: *Uigurica. I. SPAW, 1908; Uigurica II. SPAW, 1910; Uigurica III. SPAW, 1922*

Мюллердің тірі кезінде бастаған төртінші еңбегін А. фон Габен тәмәмдады: *Müller F.W.K.-Gabain von A. Uigurica IV. SPAW, 1931, XXIV, 675-727-бб.*

Алтун Йарук баспа әріптерімен берілгеннен кейін ескерткішке деген қызығушылық артып, әсіресе Радлов-Малов жариялымы незінде көптеген еңбектер жариялана бастады. Көне түркілерден мұра болып қалған бұл құнды ескерткіш дүниенің төрт бұрышындағы ғалымдарды қызықтырмай қоймады. Бұл еңбек кейін кітап, мақала, баяндама т.б. деректердің жазылуына ықпал етті.

Ф. В. К. Мюллерден кейін бұл саланы неміс ғалымдары Альберт фон Лекок, Вильям Банг, С. Рашман, Клаус Ройерброи, Петер Цим зерттеді.

С. Рашман Берлиндегі фрагменттерді каталогтап жариялады. Каталогтық сипаттағы еңбектерде әр жазбаның егжей-тегжейлі сипаттамасы (тіркеу саны, табылған жері, парақтың ерекшелігі, алдыңғы және артқы беттерде қанша жол бар екені т.б.) жасалды:

1. Raschman, Simone-Christiane, *Altürkische Handschriften Teil 5, Berliner Fragmente des Goldglanz-Sūtras, Teil 1: Voworte und Erstes bis Drittes Buch, Band XIII, 13, Stuttgart 2000* (260 бет, 89 кесте. Алғашқы 3 кітапқа тиесілі 1-197 нөмірлі фрагменттер).

2. *Altürkische Handschriften Teil 6, Berliner Fragmente des Goldglanz-Sūtras, Teil 2: Viertes und Fünftes Buch, Band XIII, 14 Stuttgart 2002* (218 бет, 50 кесте. 4-ші және 5-ші кітапқа тиесілі 198-400 нөмірлі фрагменттер).

3. *Altürkische Handschriften Teil 7, Berliner Fragmente des Goldglanz-Sūtras, Teil 3: Sechstes bis zehntes Buch Kolophone, Kommentare und Versifizierungen Gesamtkonkordanzen, VOHD XIII, 15, Stuttgart 2005* (495 бет. 6-10 кітаптарға тиесілі 401-763 нөмірлі фрагменттер)

Алтун Йарук жазба ескерткішін В. Банг пен А. Габен де зерттеді. Ғалымдар Радлов-Малов нұсқасының 133.12 – 141.14 аралығындағы жолдарының транскрипциясын, қажетті түсініктемелерін беріп, неміс тіліне аударды: Kaup, Willi Bang; Annemarie von Gabain, “Uigurische Studien”, *Ungarische Jahrbücher, Band 10, Berlin und Leipzig 1930, s. 193-210.*

1982 ж. ғалым Коги Кудара мен Клаус Ройерборн Санкт-Петербург нұсқасының үшінші кітабындағы жоғалып кеткен 132a/01 – 132b/23 және 552a/01 – 552b/23 мәтін беттерін Стокгольмдегі Этнографиялық музейден табады. Қос ғалым тапқан мәтін беттерінің транскрипциясын жасап, оны Берлин нұсқасымен салыстырып, мәтінді неміс тіліне аударды: Kudara, Kōgi; Klaus Röhrborn, “Zwei verirrte Blätter des uigurischen Goldglanz – Sūtras im Ethnografische Museum, Stockholm”, *Zeitschriften der Deutschen Morgenländischen Gesellschaft, Band 132, Wiesbaden 1982, s. 336-347*

1985 жылы болса, Клаус Ройерборн Алтун Йаруктың үшінші кітабындағы 65.19 – 67.17 және 70/13 – 71.02 аралығындағы мәтіннің транскрипциясын жасап, оны неміс тіліне аударды: Röhrborn, Klaus, “Sūnyavāda und Vijñānavāda, Zentralasiatische Resonanzen eines Schulstreits”, *Ural-Altäische Jahrbücher Neue Folge, Band 5, Weisbaden 1985, s. 123-145.*

Алтун Йарукқа байланысты Түркияда жарияланған алғашқы зерттеу жұмысын Р.Р. Арат іске асырды. Арат ескерткіштің «Аш барыс» әңгімесі баяндалған 607.8 – 616.10 аралығындағы бөлімнің транскрипциясын жасап, «Uygun Devrine Ait Dil Örnekleri» ( Ұйғыр дәуірі жазба ескерткіштерінен мысалдар) атты мақаласында жариялады: Rahmeti, Reşit [Arat], *Türk Dili Üzerine Ataşturmalar, Uygun Devrine Ait Dil Örnekleri: Altun Yaruk, İstanbul 1936: 1-8.*

Р.Р.Арат бұл саладағы зерттеулерін жалғастырып, В. Эберхардпен бірге «Йітікен судур» ескерткішіне қатысты жариялаған еңбектерінде көне ұйғыр мәтіндерінің жазылу мерзімін анықтау барысында Алтун Йаруктың Цин әулеті кезінде жазылғаны туралы пікір білдірді. Сондай-ақ Радлов – Малов нұсқасынан 34.17 – 21, 343.21 – 344.24, 686.13 – 16 аралығындағы бөлімнің транскрипциясын жасап, немісшеге аударды: Rachmeti, G[abdur] R[eşit]; W[olfram] Eberhard, *Türkische Turfan – Texte VII, mit sinologischen Anmerkungen von Dr. W[olfram] Eberhard, APAW, Berlin 1937, s. 81[1 – 124].*

Р.Р.Араттан кейін 1945ж. Сағадет Чағатай Радлов-Малов нұсқасынан 1-24.24 және 607.1-644.17 аралығындағы бөлімдердің транскрипциясын жасап, түрікшеге аударып «Altun Yaruk'tan İki Parça» деген еңбек шығарады: Çağatay, Saadet, *Altun Yaruk'tan İki Parça, I. Küü Tav'in Canlıları Öldürdüğünden Dolayı Gördüğü Ceza; II. Üç Prense Aç Pars Hikâyesi ( Prens Mahasatvi), TTK Basımevi, Ankara 1945, s. 197.*

1961 ж. түрік ғалымы Шинаси Текин Алтун Йарук жазба ескерткішінде кездесетін буддизм дініне қатысты терминдерді санскрит тілімен салыстырып зерттеген. Сол жылы өз мақаласында жазба ескерткіште кездесетін «кеңістік, бостық» және «абсолют ақиқат» сөздерін зерттей келе, осы сөздер кездесетін Радлов-Малов нұсқасының 364.02-17, 364.17-24, 365.01-02, 365.06-15, 399.19-22, 368.01-08, 373.20-25 аралығындағы сөздерді транскрипциялап, түрік тіліне аударды. Ш. Текин 1962 ж. В. Банг пен А. Габеннің Алтун Йарукқа қатысты 1930 ж. жариялаған еңбегін қайта зерттеп, мәтіннің үзінділерін неміс тіліне аударды. Осы мәтін үзінділерін кейін Р.Р.Арат «Eski Türk Şiiri» «Көне түркі өлеңдері» 1965ж. және неміс ғалымы Петер Цим «Buddhistische Stabreimdichtungen der Uiguren» атты еңбектерінде қолданады. 1966ж. Алтун Йарук жазба ескерткішіне кейін қосылған «Буйан өзірмек» (сауап алу) бөлімі бойынша жұмыс жасап, осы бөлімге тиесілі 678.01 – 686.21

аралықтағы сөздердің транскрипциясын жасайды: *Tekin, Şinasi, "Buyan Evirmek (Sevabın Tercihî) ", Reşid Rahmeti Arat İçin, TKAE, Ankara 1966, s. 390-411.*

1971 ж. ғалым Радлов-Маловтың нұсқасы бойынша жазылған IX-X бөлімдерді қайта жариялайды: *Tekin, Şinasi; Klaus Röhrborn Peter Schulz, Die Kapitel über die Bewußtseinslehre im uigurischen Goldglansütra (IX-X), Harrassowitz Verlag, Wiesbaden 1971.*

Сондай-ақ 1908 - 2013 жж. аралығында жарияланған еңбектердің тізімін түрік зерттеушісі Эрдем Учар «Altun Yaruk Sudur Üzerine Yapılan Çalışmalar Hakkında Açıklamalı Bir Kaynakça Denemesi (Алтун Йарук судур бойынша жасалған зерттеулерге түсініктемелі библиографиялық шолу)» атты мақаласында «Алтун Йарук» бойынша жасалған ғылыми зерттеу жұмыстарын жинақтап, хронологиялық сипатта зерттеушілердің назарына ұсынады. Мақалада еңбектер туралы қысқаша мәліметтер де беріледі. Мақаланың қорытындысында 1908-2013 жж. аралығында Алтун Йарук бойынша Түркияда және шет елдерде 11-і рецензия, жалпы 144 еңбек жарияланғаны, еңбектердің 47-сінің, яғни үште бірінің Түркияда жарық көргені атап өтіледі [6, 251б.].

«Алтун Йарук» сутрасы бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстары, аудармалар, «Аш Барыс» хикаясындағы мәтін ерекшеліктері, транскрипциялау, транслитерациялау, оқылуы және де жазба ескерткіш бойынша зерттелген ғалымдардың еңбектері, топтық жұмыстар, жариялымдар, фрагменттер т.б. жұмыстар Земире Гулджалының «Eski Uygurca Altun Yaruk Sudur'dan "Aç Pars" Hikâyesi (Көне ұйғырша Алтун йарук сутрасынан «Аш Барыс» әңгімесі)» атты еңбегінде толыққанды аталып көрсетілген [7].

Соңғы кездерде Түркиялық жас ғалымдардың Өзлем Аязлының, Энгин Четиннің, Эрдам Учардың, Хаджер Токюректің, және Энгин Четиннің, А. Караханның жариялымдары көне ұйғыр тілі саласына қосылған елеулі үлес екені сөзсіз.

Ал, отандық ғалымдардың ішінде Ғ. Айдаровтың «Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі» атты еңбегін атап өтуге болады. Жалпы еңбектің кіріспе бөлімінде ұйғыр ескерткіштерінің тарихы мен зерттеулеріне қысқаша шолу жасалған. Бірінші тарауда ескерткіштердің дыбыстық ерекшеліктеріне талдау жасалып, графикалық жағына, ондағы таңбалардың қазақ тілінде берілуіне де айрықша көңіл бөлінген. Екінші тарауда ескерткіштердегі сөздер қазіргі қазақ тілімен беріліп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетеді. Үшінші тарауда ескерткіштердің морфологиялық ерекшеліктеріне тоқталады. Төртінші тарауда ескерткіштерді синтаксистік тұрғыдан талдайды. Еңбекте ескерткіштер тілінің дыбыстық, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін зерттеу барысында түпнұсқалардан көптеген мысалдар келтірген [2, 4-5 б.]

Орталық және Орта Азияға жасақталған орыс, неміс, ағылшын, француз, қытай, жапон экспедицияларының нәтижесінде көне түркілерден қалған мұралар зерттеліп, жарыққа шығарылды. Бұл салада тыңбай еңбек еткен ғалымдар әлемдік ғылымға зор үлестерін қосты. Көне ұйғыр тілімен жазылған ескерткіштерді зерттеу жұмыстары ешқашан өзектілігін жоғалтқан емес. Ғалымдардың салаға деген қызығушылықтарының нәтижесінде жүргізіліп келе жатқан ғылыми жұмыстарының бұдан кейін де жалғасын табары сөзсіз.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

А. Н. Бернштам. Русская и советская уйгуристика. Изв. АН Каз. ССР, серия уйгуро-дунганской культуры. 1950, вып. I, стр. 7 – 8.

Ғ. Айдаров. Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Пауан, 1991. – 136 бет.

Ғ. Айдаров. Көне жазба ескерткіштерінің тілі. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 230 б.

Kaya, Ceval, Uygurca Altun Yaruk, Giriş, Metin ve Dizin, TDK Yayınları, Ankara 1994.

Suvarnaprabhāsa, (Sutro zolotogo bleska), tekst' uygurskoy redaktsii, izdali V[asility] V[asil'eviç] Radlov i S[ergey] E[fimovic] Malov, I-IV, Bibliotheca Buddtica: XVII, St.Petersburg 1913-1917; XV+723. I-II: 1913, III-IV: 1914, V-VI:1915, VII-VIII:1917.

Uçar E. Altun Yaruk Sudur Üzerine Yapılan Çalışmalar Hakkında Açıklamalı Bir Kaynakça Denemesi. TÜRK Dil, Edebiyat ve Halkbilimi Araştırmaları Dergisi 2013 Yıl: 1, Sayı: 1. 227-251.

Gulcalı Z. Eski Uygurca Altun Yaruk Sudur'dan "Aç Bars" Hikâyesi. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2012, 451 s.